

РИТ-90 радионуклидті жылу көздерін Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына әкету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 3 тамыздағы N 734

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен "Бүкілресейлік Техникалық Физика және Автоматтандыру Ғылыми-Зерттеу Институты" (ВНИИТФА) мемлекеттік бірегей кәсіпорны арасындағы 1998 жылғы 2 маусымдағы N 04-1770 шартқа сәйкес Ресей Федерациясының мамандандырылған кәсіпорындарында көму үшін ҮКТІВ-(ИЭУ-1) және ҮКТІВ-(ҮКТІВ24) үлгісіндегі сертификатталған көлік контейнерлерімен 6 (алты) дана РИТ-90 радионуклидті жылу көздерін Ресей Федерациясына әкетуге рұқсат етілсін .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі көрсетілген мөлшердегі радионуклидті жылу көздерін әкету үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне белгіленген тәртіппен лицензия беретін б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті радионуклидті жылу көздерінің заңдарда белгіленген тәртіппен әкетуіне бақылау жасауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі